

Кімге: ҚР ауыл шаруашылығы министрлігі

Автордың аты-жөні мен лауазымы: Әбдіреев Саттар Бейбітұлы,
Ақжарма ауылдық округінің әкімі

Орындаған күні: 24.10.2024ж.

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Елімізде бір кездері мол болған алма бақтарын жаңғырту және қайта қалыптастыру

Кілт сөздер: жұмыспен қамту, экологиялық ахуалды жақсарту, жасыл-желекке айналдыру, жасыл қала, инвестиция, қаржы құралдары, табыс көзі.

Кіріспе.

Қазақ «Әкім бол, халқыңа жақын бол!» деп бата береді. Сондағысы ел басқаруға кіріскен азаматтың, яки азаматшаның елдің перзенті болуын, елдің ішкі және сыртқы ахуалын халықтың бірі ретінде сезінуін қалауы. Әлбетте, билік пен халықтың ойлауы мен түпкі мақсаты бір жерден шығуы керек. Міне, менің негізгі ұстанымым да осылай басталды.

Қала іргесіндегі таяқ тастам жердегі Ақжарма ауылдық округіне екі елді мекен қарайды. Бірі – Баймұрат батыр ауылы, екіншісі – Талдыарал елді мекені. «Театрдың киім ілгіштен басталатыны» тәрізді ауылдың да бет-бейнесі оның кіреберісінен байқалады. Бұл ұғым біздің облыста басты маңызға ие. Оған біздің облыс орталығына кірер қақпалар мысал бола алады.

Сонымен не айтқым келді?! Елге әкім болып келе сала мен әуелі көркейту-көгалдандыру, тазалық жұмыстарын қолға алдым. Баймұрат батыр ауылында бірнеше жылдан бері кенезесі кеуіп, шөлдеп тұрған саябақ бар. Ағаштарының алды құрауға айналған. Демек, ең әуелі бұларға тіршілік нәрін беру қажетін түсініп, су әкелдім. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп, сол жерге су апарып, айналасын тазаладық. Осы кезде көрсеңіз, жазда ауылға сая, көлеңке болып, ауылға көрік сыйлап тұр.

«Біздің өңірге тал шықпайды» деген бекер әңгіме. Менің негізгі тақырыбыма көшсек, алма бақтары желісін қалыптастыру. Бүгінгі толқын жабыла келіп жамандайтын Кеңес Үкіметі кезінде облыстың барлық ауылында дерлік алма бақтары болды. Біз ол уақытта әрбір тұрғынның қап-қап етіп, газетке орап алма мен алмұртты қысқа да сақтайтынын ұмытқан жоқпыз. Міне, кейін олардың барлығы қараусыз қалып, қазір ізін жоғалтып алдық.

Менің түп тамырым, ата-бабамның кіндік қаны тамған қасиетті топырақ – Қоғалыкөл ауылында да жемісін көтере алмай иіліп тұрған

алма мен алмұрт ағаштарын көріп өстік. Бір бақтың талай елге тамақ болғанын да естеріңізге салу әбестік болар.

Облысымыздың солтүстік аудандарында да осындай керемет бақтар болды. Тіпті үлкендеріміз жол бойында егілген сол бақтың жемісін жинау үшін мектеп оқушылары бір уақыт келіп, табыс табатын болған. Жастарды еңбекке баулитын уақыттың перзенттері ғой.

«Бірде ауылдың үстімен көлікпен өтіп бара жатып, бұрынғы бақтың орнын көрдім. Тып-типыл, ақ соры шығып жатыр. Балалық шағымның бал кезеңінің куәсі ғой. Көзімнен ыстық жас ыршып түсті», – деп автобуста қасымда отырған жолаушының айтқаны жаныма батқаны рас.

Мемлекеттік бағдарламалардың да осы бағытта бастау алған түрлері көп. Мұнда біз елді мекендерде алма бағын қалыптастыруға жеке азаматтарға ғана емес, жергілікті атқарушы билікке де міндеттемелер мен мүмкіндіктер қарастырған жөн тәрізді. Өйткені, жеке азаматтардың барлығы да бірдей жауапкершілікті емес. Кейде қолдан банкроттық жасалған тұстар да бар екені жасырын емес. Сондықтан, бұл ретте елді мекендерді дамыту бағытындағы жұмыстарға тек ішкі ахуалдың тұрақтылығы мен салық базасын нығайтудан бөлек, жасыл-желекке көмкеруге де талап қойылса. Ал талаптың арғы жағында мүмкіндік бар.

Міне, алма бағының пайдалы тұстарын алдағы бөлімдерде де кеңірек тоқталамын. Әйтсе де, жер көлемі жөнінен тоғызыншы орында тұратын Қазақстанның жер көлемінің көп бөлігі пайдаланылмай бос жатыр. Ауласындағы он сотықты игере алмаған жұртшылықтың алқаптағы жерге таласы да туып тұрған тұста, егін алқабынан бөлек, басқа да алқаптарды жолға қояр едік.

Негізгі бөлім.

Бүгінде алма бағын облыста гүлдендіріп отырған азаматтар бар. Бұл ретте Жалағаш ауданы алда келеді. Өңірде «Әлтайдың алма бағы» деп жиі аталады. Қыстың қытымыр аязында құдайы қонақ болып, үйіне түсе қалсаңыз, ағаштан жаңа үзілгендей тәп-тәуір алманы ұсынады. Сапар барысында талай рет дәмін таттық. Ауыл шетіндегі бос жатқан жерді игеріп, үлкен бауға айналдырған. Міне, бізге осындай азаматтар керек.

Тарихи деректерге жүгінсек, Алатау баурайы алма мен қызғалдақтың тарихи отаны екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Әлем үшін үлкен маңызға ие бұл өсімдіктер осы жерде бүр жарып, жер жүзіне тарады. Еліміз қазірдің өзінде әлемдегі «Сиверс» алмасының отаны саналады. Жеміс ағашының бұл сұрпын танымал ғалымдар алма атаулының арғы атасына балайды. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда

Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп сондықтан аталса керек. «Алматының апортын» жеген де, жемеген де армандайтын.

Жалпы жеміс ағашының бұл түрі тек Жетісу жерінде ғана емес, еліміздің өзге аймақтарында да тамырын кеңге жайды. Жоғарыда біз айтып кеткен «Әлтайдың алма бағы» осы сөзіміздің дәлелі болуға жарайды.

Бұрын бір ғана Жалағаш ауданының өзінде алманың бірнеше сұрпы өсетін. Тіпті, үлкен-үлкен алма бақтар аймақтың ажарын айшықтаған күндер де болды. Бала күнімізде ағаларымыз Жаңадарияны бойлай отырып, алма баққа баратын. Қайта оралғанда жеміске толы қапшықтарымен бізді бір қуантып тастайтын еді. Ауыл сыртынан бөлек, үй ауласында да үлкен алма бақ ашқан ағаларымыз болды. Қазір шыны керек, ауласында жеміс ағашы көп отбасылар аз. Соңғы 7-8 жылда шаруашылықтар жаппай күріш егумен айналысты да алма өсіру жұмысы кенжелеп қалды. Ал Жалағаш аумағында бұл жұмыстардың ақсап тұрғаны алғашында Әліби Бекжановтың да жанына батқан. Міне, күріш өсіруді қолға алған ол ауыл шаруашылығының бір ғана саласы бойынша еңбек етуді аз санады. Осылайша бұрыннан ойлап жүрген алма бағын өсіруді қолға алып, «Құрманбай ата» шаруа қожалығы жанынан 6 гектар жерді рәсімдеп, жабайы алқапты қалыпқа келтірді.

Қазіргі таңда осы ауданнан қалаға келіп жатқан алмалар легі кәсіпкер Әліби Бекжановқа тиесілі. Ол алманың байырғы сортынан бөлек, жаңа сорттарды да өңірге жерсіндіріп, жайқалтып отыр.

Бүгінгі таңда мұнда алманың алты сұрпы өсіп тұр. Бір қызығы мұндағы жеміс ағаштарының барлығы жабайы алмамен будандастырылған. Бұл бұрыннан тәжірибеде бар тәсіл көрінеді. Себебі жабайы алмамен будандастырыла егілген жеміс ағашы жер талғамайды екен.

Әліби Бекжановтың кәсібінің көкжиегін кеңейткені ауылдастарына тиімді болып отыр. Себебі жаңадан бос жұмыс орындары ашылған сайын іскер азамат ауылдастарына екі қолға бір күрек тауып беруде. Осыдан 2-3 жыл бұрын қолға алынған жобаның болашағы жаман емес. Жеміс ағаштарының алды былтырдан бастап өнім бере бастады. Мұндағы мамандар биыл олардың қатары артатынын айтты.

– «Құрманбай ата» шаруа қожалығында 3 жылдан бері жұмыс жасап келемін. Өзіме жүктелген міндет – осындағы жеміс ағаштарының уақытылы қоректендіріліуін, шығуын қамтамасыз ету. Қазіргі таңда бұл жеміс ағаштарын тамшылатып суару әдісімен қоректендіреміз. Бұл өз кезегінде шығынға жол бермейді. Бір жағынан тамшылатып суару әдісі отақтың да көптеп шығуына үлкен тосқауыл

болады. Өткен жылы бірқатары жеміс беріп бізді бір қуантып қойды. Биыл олардың қатары арттары сөзсіз. Алдағы екі-үш жылда өнімді нарыққа шығаруға да болады. Бұл Сыр халқына етене таныс күріш емес, сондықтан бұл жеміс ағашының күтімі жайында өзіміз үнемі ізденіс үстінде боламыз. Соның нәтижесі болар, өздеріңіз көріп тұрғандай мұндағы барлық жеміс ағашы 100 пайыз көктеп тұр, – дейді бағбан Мейрамбек Мекебаев.

Шаруа қожалық былтыр «Гала М-6», «Гала М-9», «Голден», «Грени смит», «Фуджи» сұрыптарынан 12650 түп алма ағашын еккен болатын. Қазіргі таңда сыртынан қарасаң көз сүйсінеді. Бағбан айтқандай, енді бір 2-3 жылда мұндағы өнімдерді нарыққа шығаруға болады. Бұйыртса, ол күннің де ауылы алыс емес. Қызылорда төріне шығарып, сатып та жүр.

Бұл бағытта оңтүстік облыстардың ішінде Түркістан облысында жолға қойылған жұмыс көп. Мұны барып, тәжірибе алмасуға да болады. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығында инновациялық жобаларды енгізіп, суды үнемдей отырып, өнім көлемін арттыру жөніндеі тапсырмасына орай елімізде, оның ішінде Түркістан өңірінде жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Түркістан облысында гектарлап алма бақ пен жеміс-жидек егу бағытына бетбұрыс жасаған диқандар көбейіп келеді. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, облыс бойынша жеміс-жидек ағаштары 17,9 мың гектарға, оның ішінде 5,4 мың гектар қарқынды алма бауы орналастырылған. Өңірде алма, алмұрт, өрік, шие, шабдалы, қара өрік өсіріледі.

Бұл елдегі жеміс-жидек ағаштарының 43% құрайды. Дәстүрлі баулардан гектарына 60-70 центнерден өнім алынса, қарқынды баулардан 300-350 центнерден өнім жиналды. Қарқынды баулардың негізгі бөлігі Түлкібас, Төлеби, Қазығұрт, Сайрам аудандарында орналасқан. Басқа аудандарда да бұл іске бетбұрушылар қатары арта бастаған. Қарқынды бау-бақша мен жеміс-жидек өсіру ісі ауыл шаруашылығындағы ең тиімді бағыттардың бірі саналады. Өйткені, бұл жалпы өндірілген өнім көлемін еселеп ұлғайтуға септігін тигізе алатын бағыт.

Түлкібас ауданында қарқынды бау көлемін көбейтуге ерекше мән берілуде. Аудандағы алма баулардың көлемі 3 мың гектарды құраса, соның 700 гектардан астамы – қарқынды бау. Биыл ауданда тағы 55 гектар жерге тамшылатып суару технологиясы енгізілген қарқынды алма бауы егілді.

Сайрам ауданында жалпы ауданы 100 гектар қарқынды отбасылық алма бағын ұйымдастыру бағыты бойынша 7 ірі инвестициялық жобаны қаржыландырған. Қарқынды отбасылық алма бақтарын құруға арналған жердің жалпы ауданы 117,61 гектарды құрайды. Оның 100 гектары қарқынды алма бағын отырғызуға, ал

17,61 гектары инфрақұрылымға яғни, жол салуға, сорғы және сүзу стансаларын орнатуға, тұндырғыш-жинақтағыш, ұңғыма үшін пайдаланылады.

Облыста қарқынды бау шаруашылығын дамыту бұл бағытқа инвесторлар тарту жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Оған қоса жеміс-жидек ағаштарын өсіруге келесідей мемлекеттік қолдаулар көрсетіледі. Олар:

«Тыңайтқыштардың құнын субсидиялау» бағдарламасы бойынша сатып алынған минералды тыңайтқыштардың 50%; «Пестицидтер, гербицидтер мен биоагенттердің құнын субсидиялау» бойынша зиянды организмдерге қарсы қолданылатын преператтардың 50%; «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» бағдарламасына сәйкес 5 гектардан бастап қарқынды алма бағын салуға жұмсалған шығынның 40% (1 гектарға есептелетін барынша құны 21 000,0 мың теңге) және 5 гектардан бастап жеміс-жидек бағын отырғызуға жұмсаған шығынның 25% субсидияланады.

Сонымен қатар тұқым шаруашылығын қолдау бағдарламасы арқылы сатып алынған көшеттерінің 50% субсидияланады.

Енді облысқа оралайық. Жаңақорған ауданында арнайы тұқым шаруашылығына бағытталған шаруашылықтар бар. Менің зерттеуім бойынша, олар өздері келіп, дайын жерге егіп кетеді. Ал егер де өткен жылы еккен көшеттер шықпай қалса, оның орнына тағы да егіп кетеді. Тегін. Бұл – шаруаларға тиімді бастама. Тәуекелділікке баруға тұратын іс екені анық.



Қорытынды.

Түптеп келгенде біз ауылдардың әрбірінен алма бағын ашу арқылы не ұтамыз?

Біріншіден, тұрақты жұмыс көзі керек. Қазіргі таңда мемлекеттік қолдау арқылы ашылып жатқан кәсіпкерлік нысандарының ашылуынан жабылуы тез болып жатыр. «Сырын білмейтін аттың» сыртынан жүретіндер көп. Нәтижесінде, кәсіпті жүргізе алмай, шығын болып, жұмысын жүргізе алмайды. Міне, бұл ретте сол мемлекеттік қолдаулардың басым көпшілігін осы егін шаруашылығына, оның ішінде бау-бақша ісіне бөлу керек. Бұл – көзге көрінетін іс. Іс қылса да, іс қылмаса да бірден көрінеді және жер дайындап, шығынға батқан бастаушы кәсіпкер тезірек пайдасын көруге асығады. Ал пайдасын көру үшін еңбектену керек.

Екіншіден, нарықтағы бағаның тұрақты болуына және төмендеуіне септеседі. Жеміс-жидек сататындар арасында бәсеке

пайда болып, олар сапаға жұмыс істейді. Тұтынушы алдымен сапаға мән беретіні анық.

Үшіншіден, табиғи таза өнімге қол жеткіземіз. Өйткені, жоғарыда айтылған бәсеке пайда болған сәтте кәсіпкер таза кәсіп жасауға ниетті болады. Монополистердің дәурені бітеді.

Төртіншіден, елді мекендерді жасыл-желекке айналдырып, экологиялық ахуалды жақсартамыз. Ауылға кіреберіс пен шығаберістің әрбір бос жерін пайдалы жеміс егуге жұмсаймыз.

Бесіншіден, ауылдағы ағайын жарамсыз алманы малына жаратады.

Мұның тиімді тұстары көп. Біз экологиялық және экономикалық тұрғыдағы тиімсіз, тәуекелі көп істерден гөрі пайдасы мол бастамаларға бас ауыртуымыз керек. Әйтпесе, нәтижелі еңбек қана жетістікке жетелейтінін түсінбейміз. «Алматының апорты» тәрізді «Сырдың сары алмасы» нарыққа шығып жатса, бренд емей немене?!

Ұсыныстар:

Бірінші ұсынысым, мемлекеттің аз қамтылған отбасыларына және тың бастамаға беретін қайтарымсыз гранттарын осы салаға бағыттау. Өйткені, қазір өңірде мал шаруашылығына қолдауды біршама уақыт көрсетіп болдық. Шаштараз, монша тәрізді қызмет көрсетулер де біршама жақсарды. Ендігі кезекте азық-түлік қауіпсіздігін қалыпқа келтіріп, табиғи таза өнім шығарып, экологиялық ахуалды жақсартуымыз керек. Өйткені, мына ғаламда өмір сүретін келешек ұрпаққа лас ауа райын қалдыру – ұрпаққа сын.

Екінші ұсынысым, ауыл, елді мекен іргелерінде шыға беріс пен кіре берісте бос жатқан көп жер бар. Сол жерлерді игеру мақсатында осы бастаманы қолдап, ө дегенде 5 гектардан бастап, тәжірибе ретінде қолға алуға болады.

Үшінші ұсынысым, өнімді алдымен өңірге, онан соң экспорттау бағытында кәсіпкерлерге қолдау көрсеткен ләзім.

Төртінші ұсынысым, «Ауыл аманаты» бағдарламасының тиімді тетіктерін қарастырып, сол арқылы азаматтарды кәсіпке тартсақ, құба-құп. Бұл ретте мен ауыл әкімі ретінде халықпен кездесіп, ұсыныстарымды жеткізіп жүрмін.

Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер:

- 1.Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті**
- 2.Түркістан облысының әкімдігінің сайты**
- 3. Ғаламтор мәліметтері.**